

2019 жылдың 31 қаңтарында «Стандарттау, метрология және сертификаттау» кафедрасында «Астана қаласы бойынша мемлекеттік бақылау, метрология және аккредиттеу, техникалық реттеу саласында кадрларды дайындауда Техникалық реттеу және метрология комитеті Департаментінің рөлі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Іс-шарада Техникалық реттеу және метрология Комитеті Департаментінің бөлім бастығы А.А.Кабулова, Техникалық реттеу және метрология Комитеті Департаментінің бас маманы А.Орынбасарова, «Стандарттау, метрология және сертификаттау» кафедрасының меңгерушісі Д.Б.Курманғалиева және кафедраның профессорлық-оқытушылар құрамы қатысты.

Шара барысында Астана қаласы бойынша техникалық реттеу және метрология Комитеті Департаменті мен Стандарттау, метрология және сертификаттау кафедрасы арасында меморандумға қол қойылып, іс-тәжірибе базаларын ұсыну және түлектерді жұмысқа орналастыру жөнінде өзара ынтымақтастық туралы келісім жобасы дайындалды. Сондай-ақ бірлескен ғылыми қызметтің бағыттары белгіленіп, профессорлық-оқытушылар құрамы және студенттердің біліктілігін арттыру мақсатында семинарлар өткізу жоспары жасалды.

